

Диссертациялық кеңестің 2017 жылғы жұмысы туралы

ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы (6D020500 – Филология; 6D020700 – Аударма ісі; 6D021000 – Шетел филологиясы, 6D021400 – Әдебиеттану; 6D050400 – Журналистика; 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті) білім мамандықтары бойынша құрылған (PhD) философия докторы дәрежесін беру жөніндегі диссертациялық кеңесі.

Диссертациялық кеңестің төрағасы филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдиманұлы Өмірхан.

Әл-Фараби ат. ҚазҰУ ректорының 2016 ж. « 31 » наурыз № 103 бұйрығымен бекітілген.

Диссертациялық кеңеске 6D020500 – Филология; 6D020700 – Аударма ісі; 6D021000 – Шетел филологиясы; 6D021400 – Әдебиеттану; 6D050400 – Журналистика; 6D011800 – Орыс тілі және әдебиеті мамандықтары бойынша диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

Диссертациялық кеңесте өткізілген отырыстың саны туралы деректер: 6

2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).

Филология ғылымдарының докторы, профессор Э.Д. Сүлейменова.

Қалған мүшелер толық қатысты.

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

1.Әзизова Айнұр Орынбасарқызы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Мифологический дискурс прозы Казахстана периода Независимости» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы;

2.Сейдалиева Гулдана Омаровна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, «Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері» тақырыбында жазылған докторлық диссертациясы;

3.Алдабердіқызы Айдын – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Корреляции социально-экономического статуса и читательской грамотности (английский vs.казахский, русский языки)» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы.

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1. Диссертация тақырыбы өзектілігінің «Ғылыми дәрежелер беру Ережесінің» талаптарына сәйкестігі:

Әзизова Айнұр Орынбасарқызы «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мифологический дискурс прозы Казахстана периода Независимости» тақырыбындағы диссертациялық тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

Диссертация тақырыбы кең ауқымды. Мәселен, аталмыш диссертация бір кіріспе, төрт бөлім мен бір қорытындыдан тұрады. Бірінші бөлім мифологиялық дискурсқа негізделген. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы филологиядағы дискурстың теориялық мағынасы кеңінен зерттелген. Екінші бөлімде Қазақстандағы дискурс пен оның мазмұны туралы ғалымдардың зерттеу жұмыстары қамтылған. Қазақстанның ғалымдары мен әдебиет зерттеушілері белгілі әлем ғалымдарының дәстүрін жалғай келе, қазіргі таңдағы дискурс проблемалары мен дискурстық сараптамаларды тереңінен зерттеді. Профессор В.Ли «Дискурс ұғымы бір қалыпқа сыймайды, онтологияда аталмыш ұғым көптеген тіл аспектілерін қамтиды.» деп анықтама береді.

Келесі бөлім қазіргі таңдағы әдебиет зерттеушілердің мифтік және мифологиялық дискурс ұғымына берген анықтамалары мен зерттеулері туралы қамтылған. Сонымен қатар, «миф» ұғымының диапазоны ауқымды, мағынасы кең. Мәселен, бір жағынан миф – аңыз деген ұғымды берсе, екінші жағынан ертегі, қасиетті дәстүр деген ұғымға сай келеді.

Шетелдің ғалымдары, пәлсапашылары «миф», «мифтік дискурс» ұғымына түрлі анықтама берді. Мысалы, М.Элиаде «Аспекты мифа» кітабында, К.Леви-Строс, неміс философы Э.Кассирера, ресейлік мифолог ғалым С.Н.Зенкин, Ролан Барт және тағы басқалары.

Мифопоэтика мен мифке арналған зерттеу жұмыстары қазіргі таңда Қазақстанда көптеп кездесе бастады. Мысалға алатын болсақ, Серикбол Кондыбай, С.Каскабасов, Е.Турсунов, Ш.Елеуенов – белді де беделді мифолог ғалымдары. Өзінің зерттеу еңбегінде М. Арғынбаева қазақ жазушыларының шығармаларында ұшырасатын келесі мифопоэтикалық танымдық ұғымды басты назарға алады:

- Мұхтар Мағауиннің туындыларындағы мифтік-ритуалды ұғым;
- Оралхан Бөкеевтің повесіндегі мифтік-экзистенциалды ұғым;
- Саин Мұратбековтың повесі мен әңгімелеріндегі мифтік-архетиптік ұғым;
- Олжас Сүлейменовтің поэмасындағы мифтік-лингвистикалық ұғым.

2. Сейдалиева Гулдана Омаровнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық тақырыбы өзектілігінің сәйкестігі.

«Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері» атты ғылыми жұмыста қазіргі қазақ газеттері мен журналдарындағы прагматикалық мүдденің орындалуы мен оған қол жеткізудің амал-тәсілдері талқыланды. Қазақ мерзімді басылымдары дамыған елдердегі БАҚ-ты жетілдіру тактикасынан кенде емес екеніне көз жеткіздік. Қазақ басылымдарының қоғамдағы шынайы өмірді астарлап баяндауға, адресатты саяси сауаттандыруға, дұрыс бағыт беруге ынталы екені анықталды. Қазіргі газет, журналдар тілі тым еркін болғанымен, ұлттық құндылықтарды, қазақы мәдени болмысымызды насихаттауда жолдан таймайтыны ғылыми негізде дәлелденді. Осы мүмкіндікке қол жеткізу үшін мерзімді басылымдардағы стереотиптердің (әлеуметтік -мәдени құндылықтарды сақтаушы код) қолданысын жіті бақылау арқылы анықталды.

Зерттеу нәтижесінде алдымен прагмалингвистикадағы соңғы зерттеу үлгілері пайдаланылды. Адресант пен адресат арасындағы коммуникативті ниеттің жүзеге асырылуын қамсыздандыратын коммуникативтік стратегия мен тактиканы тиімді пайдаланудың жолдары қарастырылды. Қазақ журналистерінің мақалалары дереккөз ретінде талдау нысаны болды. Қазақ тілшілерінің соңғы прагматикалық әдістерді оңтайлы қолдана алатыны жұмыста айқын көрініс тапты.

Стереотиптер – үнемі қайталау салдарынан болатын ой, сезім, құлық тізбегінің сөз шаблонуына айналған түрі. Сондықтан стереотиптер адамдардың жағдаятқа мән беріп, көңіл аударуы үшін қолданылады. Демек, мерзімді басылымдарда қолданылатын стереотиптер ақиқат дүние туралы біздің ойымыз, көзқарасымыз, әсеріміз. Көпұлтты қоғамда қазақи танымдағы тілші кейбір кемшіліктердің шынайы көрінісін ашып көрсете алмайды. Оған ұлтаралық, мәдениаралық саясат жол бермейтін кездер болады. Сол себепті стереотипті танымның көмегіне жүгіне отырып, астарлы ақиқатқа бейнелі тілден (теңеу, метафора, эвфемизм, т.б.) жасалған әсем «шапан кигізеді». Сондай бейнелі тілдің синтагматикалық денотаты реципиент санасын бағындыру қызметін орындау прагматикасымен беріледі. Стереотиптік танымы мен аялық білімі пара-пар келген адресат пен адресант арасында үйлесімді коммуникативтік акт орнайды. Бір-біріне бағыну қағидасы жүзеге асады. Демек бейнелі эллокутив астарындағы стереотип прагматикалық қызметін атқара алды деген сөз, яғни стереотип пен оны репрезентациялайтын тілдік құрал дұрыс таңдалып алынған дегенді білдіреді.

3. Алдабердіқызы Айдын – 6D021000 – Шетел филологиясы мамандығы бойынша «Корреляции социально-экономического статуса и читательской грамотности (английский vs. казахский, русский языки)» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясы.

Алдабергенқызы Айдынның аталмыш диссертациясы оқу сауаттылығының негізгі құрылымын, қалыптасу үдерісі мен даму жүйесін зерттеуге бағытталаған. Сонымен қатар, қазіргі таңда басты назарға алынған бұл мәселе әлі де толыққанды зерттеуді қажет етеді. Алдабердіқызы Айдын – «Корреляции социально-экономического статуса и читательской грамотности (английский vs. казахский, русский языки)» тақырыбына жазылған докторлық диссертациясында меңгерілген мәтін мазмұнын ұғыну, ақпаратты табу мен оны жеткізудің әдіс-тәсілдері, мәтінді түсіндіру секілді зерттеулер келтірілген. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа зерттеу барысында келтірілген тың ойлар мен сараптамалық тұжырымдамасына сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіндігі зор екендігін меңзейді.

5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Сейдалиева Гулдана Омаровнаның «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензент Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ, Шетел тілдері факультетінің деканы, филол.ғ.д., профессор А. Исламның пікірін келтірсек.

Қазіргі тіл білімінде пәнаралық зерттеулер атап айтқанда, прагмалингвистикалық бағыт тілдік қатысымның әртүрлі танымдық, мәдениаралық, дискурсивті қырларын толыққанды ашуға мүмкіндіктер бергендігі белгілі.

Қазақ тілінің қуаты мен тамырының тереңдігін көрсету үшін, қазақ мерзімді баспасөзіндегі қалыптасқан стереотиптердің лингвопрагматикалық қатпарын анықтауға қатысты ізденіс жұмыстары арқылы ана тілінің прагматикалық әлеуетін көрсетуге болады. Стереотиптердің қазіргі бұқаралық ақпарат құралдарында жиі қолданылуы лингвопрагматикалық парадигмадағы зерттеуді талап ететін өзекті мәселе. Мерзімді басылымда оқырманға айтылатын ойды әсерлі жеткізуде автор сан түрлі ассоциациялық түсініктерін халықтың аялық біліміне сәйкес стереотиптік таным арқылы жеткізуге тырысады. Демек, Сейдалиева Гулдана Омаровнаның «Мерзімді баспасөздегі стереотиптердің лингвопрагматикалық ерекшеліктері» атты диссертациясының тақырыбындағы зерттеуінде қоғамның даму ағымы мен заман талаптарына сай мерзімді басылым тілінің осылайша қарқынды өзгеруі тіл біліміндегі жаңа прагмалингвистикалық бағыттың теориялық мүмкіндіктерін, әдіснамалық тәсілдерін тереңінен ашу – аса өзекті мәселе. Әлеуметтік жауапкершілікке ие мерзімді басылымдардың әлеуметтік-саяси дамуының аспектілерін, стереотиптердің тілдік көрінісі мен танымдық сипатын ашуға арналған Г.О. Сейдалиеваның диссертациясының мазмұны, құрылымы, анықталған нәтижелері мен зерттеу барысында жасалған тұжырымдары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына толық сай келеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

Ғылыми зерттеу жұмыстары тақырыптары өзектілігін үш тілділік туралы мемлекеттік бағдарлама аясында орындалуына сараптамалар қажет;

Ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижелері Қазақстандағы Рухани жаңғыру міндеттерін орындауға бағыттау;


Қазақ тілінің латын қарпіне көшу кезеңінде практикалық маңызы жоғары ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін арттыру;

Ғылыми кадрларды дайындауда ғылыми-зерттеу нәтижелерінің жариялану деңгейін арттыру.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.


	6D020500 – Филология мамандығы бойынша	6D021000 – Шетел филологиясы
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	1	
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	1	
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	2	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	1	
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	1	

Диссертациялық кеңестің төрағасы
филология ғылымдарының докторы,
профессор




Ө. Әбдиманұлы

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, саяси
ғылымдарының докторы, профессор



Г.С. Сұлтанбаева



Күні, айы, жылы

19. 01. 2018